ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6В04214 «СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ»**
**білім беру бағдарламасы бойынша**
**Бакалавриат деңгейі (ВА)**
**(оқу мерзімі – 4жыл, 2023 жылға қабылданғандарға арналған)**

ҚАРАҒАНДЫ – 2023 ж.

Элективті пәндер каталогы 6В04214 «Сот және құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасының оқу жоспарлары негізінде әзірленді және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің оқу-әдістемелік кеңесі бекіткен (№1 хаттама "14" тамыз 2023ж). Қарағанды, Қазтұтынуодағы ҚарУ 36бет.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТИІСТІ ЖЫЛДА ҚАБЫЛДАНҒАНДАР ҮШІН БҮКІЛ ОҚУ КЕЗЕҢІНЕ АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС ӘЗІРЛЕНЕДІ (ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕ 4 ЖЫЛҒА ТОЛЫҚ ЖӘНЕ 3 ЖЫЛҒА ҚЫСҚАРТЫЛҒАН МЕРЗІМГЕ)

2023 жылғы қабылданған бакалавриат студенттеріне арналған. Бекітілген элективті пәндер каталогы студенттердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тіркеу рәсімінен өту мақсатында университеттің электрондық базасына (ААЖ) енгізіледі.

## КАТАЛОГПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

**Элективті пәндер каталогы (ЭПК)** - бұл барлық элективті оқу пәндерінің жүйелендірілген аннотацияланған тізбесі, олардың қысқаша сипаттамасы, оқу мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері) және күтілетін оқу нәтижелері (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері) көрсетілген.

**Элективті пәндер каталогы** білім алушыларға жеке білім беру траекториясын жедел және икемді құру және жеке оқу жоспарын дербес қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Элективті пәндер – бұл белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компоненті мен таңдау компонентіне кіретін және университет енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және белгілі бір аймақтың қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін оқу пәндері.

ЖОО компоненті (ЖООК) – бұл студенттің өзінің білім беру бағдарламасын игеруі үшін университет дербес анықтайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізімі;

Таңдау компоненті (ТК) – бұл пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып, студенттер өз бетінше таңдайтын университет ұсынатын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізімі.

Элективті пәндерді университет кафедралары білім беру бағдарламасы аясында ұсынады. Элективті оқу пәндерінің барлық тізімінен білім алушы өзіне қызықты пәндерді таңдай алады.

**Білім алушының жеке оқу жоспарына енгізу үшін ЭПК көмегімен элективті пәндерді таңдау тәртібі:**

1. Элективті пәндер каталогында тиісті (жоспарланған) курстың және оқу семестрлерінің кестесін табыңыз.
2. Элективті пәндер тізімімен, олардың көлемімен танысу. **Маңызды! Таңдау компоненттері сәйкес нөмірмен таңдау курстарына біріктірілген.** Оқу және тіркеу үшін таңдаған әр курстан тек бір элективті пәнді таңдауға болады.
3. Таңдау компонентінің ұсынылған элективті оқу пәндерінің сипаттамасын зерттеп, таңдалған элективті анықтаңыз.
4. Берілген курста және семестрде игеру үшін талап етілетін кредиттер санына сәйкес келетін элективтер бойынша алынған кредиттер санын тексеріңіз.
5. Таңдау компонентінің элективті оқу пәндерін таңдау эдвайзерлердің (бітіруші кафедралардың оқытушыларының) кеңес беруімен жүзеге асырылады.
6. Элективті оқу пәндерінің ЖОО компонентін университет белгілейді және білім беру бағдарламасының барлық студенттері міндетті түрде оқуы керек.



## БИЗНЕС, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

### 6В04214 «СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ»

### ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ БОЙЫНША ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

| Пәннің циклі | Модуль атауы | Пәннің атауы | Кред. саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | 1 курс | | |
| ЖБП | | Таңдау бойынша курс 1 | | |
| | ӘГМ Әлеуметтік-гуманитарлық модуль | "Экология және өмір сүру қауіпсіздігі " пәнаралық курсы | 5 | 1 |
| | ӘГМ Әлеуметтік-гуманитарлық модуль | Экономикалық теория | 5 | 1 |
| | ӘГМ Әлеуметтік-гуманитарлық модуль | "Мәңгілік ел" құндылықтары пәнаралық курсы | 5 | 1 |

***Таңдау пәні бойынша курс 1***

***Пәнаралық курс «Экология және өмір сүру қауіпсіздігі», 5 кредит***

***Пререквизиттер:*** мектеп бағдарламасы

***Постреквизиттер:*** «Мемлекет және құқық теориясы», «ҚР Қаржы құқығы», «Табиғатты пайдалану құқығы»

***Мақсаты:*** Пән тірі организмдердің тіршілік ортасымен өзара әрекеттесуін, биосфераның даму заңдылықтарын, жалпы экологиялық жүйелер мен биосфераның қызмет етуін, сондай-ақ антропогендік және табиғи шығу тегі жағымсыз әсерлерден Техносфера жағдайында Алғашқы медициналық көмек көрсету және адамды қорғау тәсілдерін оқытады.

Болашақ мамандарды өмір сүрудің қауіпсіз және қолайлы жағдайларын жасау, халықты және шаруашылық жүргізу объектілерінің өндірістік персоналын аварияның, апаттардың, дүлей зілзалалардың ықтимал салдарларынан қорғау бойынша төтенше жағдайлар кезінде сауатты шешімдер қабылдау үшін қажетті теориялық біліммен және практикалық дағдылармен қаруландыру.

***Курстың қысқаша сипаттамасы:*** Қазіргі әлемде экология және тіршілік қауіпсіздігі өте кең ауқымды мәселелерді қамтиды және бірқатар сабақтас ғылымдармен тығыз байланысты. Тұрақты даму проблемалары қазіргі уақытта өте өзекті және оны кәсіби және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарында қарастыру қажет. «Экология және тіршілік қауіпсіздігі» пәні өндірістік жұмыс ортасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүйелі бағытталған білімі бар, қоршаған ортаны қорғау және сапаны басқара алатын жоғары білімді кадрларды оқыту және даярлауды жүзеге асырады.

***Күтілетін нәтижелер:***

E. Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын арттыру және жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту, тәжірибеден пайда табу, өз білімдерінің өзара байланысын ұйымдастыру және оларды реттеу.

F. Өз қызметінің перспективаларын көру, көшбасшылық қасиеттерін дамыту және әлеуметтік және жеке өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі іске асыруға ұмтылу.

G. Қоғамдық дамудағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және осы негізде қорытынды қалыптастырады.

H. Академиялық адалдық принциптерін түсіну және академиялық адалдық мәдениетін көрсету.

## ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | 2 курс | | |
| БП | | ЖОО 1 | | |
| | БКМ Базалық құқықтық модуль | Мемлекет және құқық теориясы | 4 | 1 |
| | | ЖОО 2 | | |
| | БКМ Базалық құқықтық модуль | Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | 4 | 2 |
| | | ЖОО3 | | |
| | ӘСБМ Әлеуметтік-саяси білім модулі | Оқу практикасы | 1 | 2 |

## ЭЛЕКТИВТІ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | 2 курс | | |
| БП | | 1 таңдау бойынша курс | | |
| | ҚЖСТМ Құқықтану жүйесіндегі сандық технологиялар модулі | Ақпараттық құқық | 4 | 1 |
| | ҚЖСТМ Құқықтану жүйесіндегі сандық технологиялар модулі | Киберортадағы құқықтық реттеу | 4 | 1 |

1 таңдау бойынша курс



**Таңдау бойынша 1 курс**

***Ақпараттық құқық, 5 кредит***

**Пререквизиттер:** Мемлекет және құқық теориясы, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

**Постреквизиттер:** ҚР Адвокатурасы, Адаматтық құқық

**Мақсаты:** ақпараттық аймақта қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде, ақпараттық құқық аймағында ғылымда және тәжірибеде соңғы құқықтық жетістіктерді кеңінен қолдануда біліктілігі жоғары студенттерді даярлау

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** Ақпараттық құқықтың пәні, әдістері және жүйесі; Ақпараттық аймақ құқықтық реттеу аясы және ақпараттық айналым аясы ретінде; Ақпараттық – құқықтық нормалар және ақпараттық құқыққатынастар; Ақпараттық құқықтың қайнар көздері; Ақпараттарды іздеу, алу ,пайдалану құқығы; Ақпарат өз еркімен айналым объектісі ретінде; Ақпараттық қауіпсіздіктің құқықтық мәселелері. Ғаламтор ортасының құқықтық мәселелері; Интеллектуалды меншіктің ақпараттық аспектілері; Бұқаралық ақпараттар аумағындағы ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеу; Кітапхана ісі аумағында ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеу; Мұрағат аумағында ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеу; Мемлекеттік құпия аумағында ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеу;Ақпараттық аймақтағы құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

**Күтетін нәтижелер**

**Осы курсты сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы білу керек:**

A. бағдарламадағы материалды терең және мықты меңгеруді, тапсырманың түрін өзгерткен кезде жауап беруге қиналмауды, алдыға қойылған міндеттерді еркін жүзеге асыра алуды, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздеуді, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың жан жақты дағдылары мен тәсілдерін игере алады;

B. теориялық ережелерді дұрыс қолдана біледі, тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларға ие болады;

C. әлеуметтік мәселелерге ақпараттық құқықты қолдану мүмкіндіктерін бағалауда саралау қызметтін жүзеге асыруды, қорытынды жасауды жүзеге асыра алады;

D. Ақпараттық құқық саласындағы жаңа білімді тануды және одан әрі өзін-өзі тәрбиелеу үшін оларды практикалық қолдану дағдыларын пайдалана алады;

E. Ақпарат алмасудың электрондық тәсілдерін және оларды қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ цифрландыру жағдайындағы басқарушылық қызметті пайдалануға, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу рәсімдерін талдау мен қайта құрылымдауға әзірлей алады;

**<u>Киберортадағы құқықтық реттеу,5 кредит</u>**

**<u>Пререквизиттер:</u>** осы курсты оқуды бастамас бұрын студенттерге құқықтық және теориялық білім қажет: "Мемлекет және құқық теориясы", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар"

**<u>Постреквизиттер:</u>** Осы пәнді оқығаннан кейін студенттер: «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы», «Құқық қорғау органдарының қызметі»

**<u>Мақсаты:</u>** Интернет желісіндегі ақпараттық қатынастарды құқықтық реттеудің негіздері мен ерекшеліктері туралы студенттердің тұрақты білімі мен түсінігін қалыптастыру, ғаламдық кибер кеңістікте Интернет-құқықтық нормаларды дұрыс түсіндіру және қолданудың негізгі дағдыларын қалыптастыру.

**<u>Курстың қысқаша сипаттамасы:</u>** курсы әмбебап ақпараттандыру процестеріне, өмірдің барлық салаларында ақпараттың рөлінің артуына және мемлекет пен жеке тұлғаның ақпараттық және киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Интернетке қатысты қатынастарды реттеу, оны басқару, интернет қауіпсіздігі ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік саласындағы әртүрлі заңнамалық актілерде, бейресми бастамаларда, ұлттық

және халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық, көп мүдделі және жеке жобалар мен актілерде көрініс табады және Интернетті басқару.

**Күтетін нәтижелер:**

A- күрделі құқықтық институт ретінде киберортаны құқықтық реттеу пәні болып табылатын салалық заң ғылымдарының негізгі ережелерін білу;

B - Интернет құқығының құқықтық ұғымдары мен категорияларымен әрекет ету;

C - кибер ортаны құқықтық реттеу пәніне қатысты заңды фактілерді және оларға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдау;

D- кибер ортаны құқықтық реттеу пәніне қатысты құқықтық нормаларды талдау, түсіндіру және дұрыс қолдану;

E - интернет-құқық пәніне қатысты салаларда шешімдер қабылдау және заңды әрекеттерді орындау;

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ KAZPOTREBSOYUZ UNIVERSITY КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАЗПОТРЕБСОЮЗА

**2 таңдау бойынша курс**
**ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ**
**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ**

| Пәннің циклы. | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | **2 курс** | | |
| **БП** | | **ЖОО 1** | | |
| | БҚМ Базалық құқықтық модуль | Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы | 4 | 3 |
| | | **ЖОО 2** | | |
| | ҚҚПжҚАҚМ Қылмыстық құқық, процесс және қылмыстық-атқару құқығы модулі | Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы | 6 | 3 |
| | | **ЖОО3** | | |
| | ҚҚПжҚАҚМ Қылмыстық құқық, процесс және қылмыстық-атқару құқығы модулі | Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы | 6 | 4 |
| | ҚҚПжҚАҚМ Қылмыстық құқық, процесс және қылмыстық-атқару құқығы модулі | Өндірістік тәжірибе | 5 | 4 |

**ЭЛЕКТИВТІ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ**
**ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ**

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | **2 курс** | | |
| БП | | 1 таңдау бойынша курс | | |
| | БҚМ Базалық құқықтық модуль | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы | 5 | 3 |
| | БҚМ Базалық құқықтық модуль | Қазақстан Республикасының шарттық құқығы | 5 | 3 |
| | | 2 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі | 5 | 4 |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары | 5 | 4 |
| | | 3 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 2 | Қазақстан Республикасындағы сот және сот төрелігі (Court and justice in the Republic of Kazakhstan) | 4 | 4 |
| | КМ Кәсіби модуль 2 | Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау | 4 | 4 |
| | | 4 таңдау бойынша курс | | |
| | Майнорлық бағдарлама | Майнор ( Қаржы/ Салықтар және салық салу / Банк ісі/ Қаржылық бақылау және мониторинг) | 10 | 3,4 |

***Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы ,5 кредит***

**Пререквизиттер:** Мемлекет және құқық теориясы

**Постреквизиттер:** Қазақстан Республикасының қаржы және салық құқығы

**Мақсаты:** азаматтық заңнаманың ғылыми-теориялық негіздерін оқу, даулы жағдайларды шешудің тәжірибелік дағдыларын меңгеру, өркениет мамандарын практикалық қызметке дайындау, болашақ заңгерлердің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**Азаматтық құқық түсінігі. Азаматтық құқықтық қатынастар. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау. Азаматтық құқық объектілері азаматтар азаматтық құқық субъектілері ретінде заңды тұлғалар мәмілелер. Өкілдік. Мерзімдері. Талап мерзімі. Меншік құқығы ұғымы. Басқа да заттық құқықтар. Меншік құқығын қорғау. Міндеттеме ұғымы, тараптары, орындалуы, орындалуын қамтамасыз ету. Міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік міндеттемені тоқтату. Шартты жасасу, өзгерту және бұзу түсінігі мен талаптары. Сатып алу-сату. Мена. Сыйға тарту. Рента. Мүліктік жалдау. Тұрғын үйді жалдау. Мүлікті өтеусіз пайдалану. Қатарынан. Ақылы қызмет көрсету. Тасымалдау. Көліктік экспедиция. Қарыз. Факторинг. Банктік қызмет көрсету. Сақтауға. Тапсырма. Комиссия. Сақтандыру. Мүлікті сенімгерлік басқару. Франчайзинг. Конкурстық міндеттемелер. Зиян келтіруден болатын міндеттемелер. Зияткерлік меншік құқығы. Мұрагерлік құқық.

**Күтілетін нәтижелер:**

А-Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасын білу,

В-азаматтық-құқықтық нормаларды түсініп, түсіндіре білу;

С-азаматтық-құқықтық қатынастардың түрлерін анықтау,

D-практикалық жағдайларды шешу кезінде азаматтық заңнама нормаларын қолдана білу; ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгеру,

Е- азаматтық заңнаманы қолдану тәжірибесін талдау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және негіздеу; аудиторияның ерекшелігін ескере отырып, презентациялар, аналитикалық есеп түрінде ақпарат беру;

**ҚР шарттық құқығы ,5 кредит**

**Пререквизиттер:** Мемлекет және құқық теориясы

**Постреквизиттер:** Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу және әкімшілік іс жүргізу құқығы

**Мақсаты:** шарттың заңды сипатын ресімдеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

**Курстың қысқаша мазмұны:** Шарттың санаты, оның посткеңестік құқықтағы орны мен маңызы. Шарт категориясының мәселесі барлық салалар үшін жалпы түсінік ретінде. Қазіргі азаматтық-құқықтық шарт. Келісім бостандығы:шектеулер мен тыйымдар. ҚР Азаматтық кодексіндегі шарттардың жаңа түрлері: кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты және оны табиғи монополиялар субъектілерінің қолдануы. Жалдау шарты, жалдау шартының үш түрі. Сенімгерлік басқару шарты. Энергиямен жабдықтау саласындағы шарттық қатынастардың мәселелері: энергиямен жабдықтау қатынастарының ерекшеліктері. Неке шарты. Шарттық қатынастардағы жауапкершілік мәселесі.

**Күтілетін нәтижелер:**

А-құқықтық құжаттаманы ресімдеу кезінде шарттардың әртүрлі түрлерін құрастыру,

В- заңды түсініктермен және санаттармен жұмыс істеу және лингвистикалық білімді жетілдіру,

С- дауларды шешудің баламалы тәсілдерін және заң техникасын қолдануды іздеуді жүзеге асыру;

D-енгізілетін заңнамалық жаңалықтарды түсіну,

Е- құқықтық ережелерді логикалық сауатты білдіру және негіздеу дағдыларына ие болу.

**Таңдау бойынша 2**

**Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметі, 5 кредит**

**Пререквизиттер:** Мемлекет және құқық теориясы

**Постреквизиттер:** Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы, іс жүргізу және құпиялық режимі, ҚР адвокатурасы

**Мақсаты:** Осы курсты оқытудың мақсаты студенттерде мемлекеттік қызметтің түрлерінің құқықтық негіздерін түсіндіру, оның ерекшеліктері мен даму үрдістері туралы білім кешенін, сондай-ақ құқық қорғау қызметіне кіру және оны өткеру мәселелерін іске асырудағы біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** құқық қорғау органдарының түсінігі және негізгі белгілері. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметінің оқу пәні ретінде. Сот билігінің түсінігі және негізгі белгілері. ҚР прокуратура органдары. Ішкі істер органдары. Экономикалық тергеу қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет.

**Күтілетін нәтижелер:**

А. құқық қорғау қызметінің негізгі ұғымдарын көрсету құқықтық негіздерін, принциптерін, функцияларын біледі және құқық қорғау қызметін ұйымдастырудағы мемлекеттік басқарудың негізгі әдістерінің мақсатын түсінеді; мемлекеттік билік тетігіндегі құқық қорғау органдарының рөлі мен орнын түсінеді;

В. келіп түсетін ақпаратты сыни бағалай біледі; тәуелсіз және дербес ойлай алады; ақпараттың үлкен көлемін қабылдау және талдай алады; құқықтық актілерге түсініктеме бере алады және алынған білімді дәл қолдана алады;

С. құқық қорғау органдарына қатысты ақпараттарды жинау және түсіндіру, басқару қызметін, автоматтандырылған жұмыс орындарын бағдарламалық қамтамасыз етуді практикалық пайдаланудың дағдылары мен тәсілдерін меңгереді;

D. теориялық және практикалық білімдерді қолданып, көпшілік алдында сөйлей алады, өз және басқада адамдардың ауызша пікірлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау

қадағалау Алдын ала тергеу мен анықтау жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау Прокурордың сотта мемлекеттің мүддесін білдіруі Әкімшілік іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау Қылмыстық-атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалау Прокуратура органдарындағы құқықтық статистика мен арнайы есеп жүргізу Халықаралық шарттардың қолданылуына және шетел азаматтары мен заңды тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуіне прокурорлық қадағалау Прокуратурамен іске асырылатын қылмыстық қудалау Кәмелетке толмағандардың қылмыстары мен қылмыстық істердің тергелуіне прокурорлық қадағалау

**Күтілетін нәтижелер:**

A.прокурорлық қызметтің негіздерін, принциптерін, функцияларын білу және прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың негізгі әдістерінің мақсатын түсіну;

B. кез келген келіп түсетін ақпаратты заң нормалары тұрғысынан бағалау, әрбір заң бұзушылық әрекетке назар аударуды үйрену; тәуелсіз және дербес ойлау; ақпараттың үлкен көлемін қабылдау және талдау қабілеті; құқықтық актілердің дәл қолданылуын түсіндіру;

C. Болашақ мамандығы жайлы нақтырақ білім алу үшін баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ электрондық және мобильді жүйесінің әлеуетін диалог, бейнематтериал және презентациялар түрінде ұсыну және пайдалану;

D Прокурорлық қадағалау қызметінің оң имиджін қалыптастыру үшін жеке және кәсіби өздігінен білім алу қажеттілігі

E. заң ғылымдарын зерттеу әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, кәсіби және ғылыми қызметті ұйымдастыру, академиялық жазудың әр түрлі жанрында ақпараттық-іздестіру қызметінің нәтижелерін ұсыну қабілеті.

**Майнор ( Қаржы/ Салықтар және салық салу / Банк ісі/ Қаржылық бақылау және мониторинг)**

## ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | **3курс** | | |
| **БП** | | **ЖОО 1** | | |
| | ТҚҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Өндірістік тәжірибе | 5 | 6 |

## ЭЛЕКТИВТІ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| | | **3 курс** | | |

ҚАЗТҰТЫНОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ | KAZPOTREBSOYUZ UNIVERSITY | КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАЗПОТРЕБСОЮЗА

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **БП** | | 1 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Құқық бұзушылықтардың алдын алу ( Prevention of an offense) | 4 | 6 |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Құқық қорғау қызметіндегі алдын алу функциялары | 4 | 6 |
| | | 2 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Әкімшілік мәжбүрлеу | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Құқық қорғау органдарының қызметінде адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету | 5 | 6 |
| | | 3 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Қазақстан Республикасының азаматтық процессуальдық құқығы | 6 | 6 |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Қызметтік этика | 6 | 6 |
| | | 4 таңдау бойынша курс | | |
| | ҚҚПжҚАҚМ Қылмыстық құқық, процесс және қылмыстық-атқару құқығы модулі | Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы | 5 | 5 |
| | ҚҚПжҚАҚМ Қылмыстық құқық, процесс және қылмыстық-атқару құқығы модулі | ҚР Атқарушылық құқығы | 5 | 5 |
| | | 5 таңдау бойынша курс | | |
| | ЭҚМ Экономикалық-құқықтық модуль | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: құқықтық және экономикалық аспектілер (Anti-Corruption: legal end economic aspects) | 5 | 5 |
| | ЭҚМ Экономикалық-құқықтық модуль | Қазақстан Республикасының қаржы және салық құқығы | 5 | 5 |
| | | 6 таңдау бойынша курс | | |
| | ЭҚМ Экономикалық-құқықтық модуль | "Халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл"пәнаралық курсы | 5 | 6 |
| | ЭҚМ Экономикалық-құқықтық модуль | Трансұлттық қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық | 5 | 6 |
| | | 7 таңдау бойынша курс | | |
| | МРМ Мамандандырылған режимдер модулі | Жедел-іздестіру қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері | 5 | 5 |
| | МРМ Мамандандырылған режимдер модулі | Арнайы-тактикалық дайындық негіздері | 5 | 5 |
| | | 8 таңдау бойынша курс | | |

_Құқықтың қажетті қайнар көздерімен, нотариаттық құқықтың концептуалды проблемаларымен танысу, нотариат туралы маңызды нормативтік құқықтық заңдары, қайшылық нормаларын түсіну мен қолдану жөнінде тәжірибе дағдыларын беру. Нотариаттық іс жүргізу құқық қатынастары саласындағы нотариаттық іс жүргізудің теориялық негіздерін және теориялық ережелерді тәжірибеде, нотариаттық әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің, нотариат куәліктерінің, куәландыратын құжаттар мен мәмілелердегі куәландырушы жазбалардың нысандар жөнінде білімдер беру.

**Осы курсты сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы білу керек:**

**A:** Студенттер нотариус ретінде жұмыс істеу үшін қажет тәжірибелік дағдыларға ие болып, нотариаттық іс жүргізу құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілермен өзіндік жұмыс жасау кезінде басшылыққа алынатын құқықтық ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру керек және жеке құқық нормаларын қолдану туралы түсінікке ие болуытиіс.

**B:** Азаматтық-құқықтық дауларды қарау барысында даулы материалдық құқық қатынастарын заңдық сараптау үшін қажетті талдау жүргізу дағдысын меңгеру қажет. Нотариустардың құқықтары мен міндеттері, нотариаттық қызметпен айналысу құқығынан үміткердің және нотариаттық практикамен айналысатын нотариустың кәсіби біліміне, тәжірибе өту барысында алған дағдыларын қолдана білуі керек.

**C:** Нотариаттық құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге қатысты ақпараттық-іздену қызметін жүзеге асыру. Мерзімдік баспасөздерде жарияланатын жаңа нормативтік құқықтық актілердің басылып шығуын бақылау жасап отырады, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың монографиялық зерттеулерімен және азаматтық құқық мәселелері бойынша мерзімді баспасөзде басылып шығарылатын мақалаларды талдау қажет.

**D:** теориялық және практикалық білімді қолдануды және өз іс-әрекетінің құқықтық, моральдық, этикалық және әлеуметтік-экономикалық салдарын алдын ала бағалау қабілеті болуы тиіс;

**E:** оқылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын пайдалану;



**ЭЛЕКТИВТІ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ**

| Пәннің циклы | Модуль атауы | Пәннің аты | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| **4 курс** | | | | |
| **БП** | | 1 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу | 5 | 7 |
| | КМ Кәсіби модуль 1 | Әкімшілік іс жүргізу құжаттарын жасау | 5 | 7 |
| | | 2 таңдау бойынша курс | | |
| | МРМ Мамандандырылған режимдер модулі | Ішкі істер органдарының қызметіндегі басқару негіздері | 5 | 7 |
| | МРМ Мамандандырылған режимдер модулі | Құқық қорғау органдарындағы басқару негіздері | 5 | 7 |
| | | 3 таңдау бойынша курс | | |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Криминалистика және сот сарапшысы | 6 | 7 |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Экономикалық қылмыстарды ашу мен тергеудің криминалистикалық аспектілері | 6 | 7 |
| | | 4 таңдау бойынша курс | | |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Криминология және сот-құқықтық статистика | 6 | 7 |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Сот медицинасы және сот психиатриясы | 6 | 7 |
| | | 5 таңдау бойынша курс | | |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі | 6 | 7 |
| | ТКҚМ Тергеу-криминалистикалық қызмет модулі | Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеу | 6 | 7 |
| | | 6 таңдау бойынша курс | | |
| | КМ Кәсіби модуль 2 | Құқық қорғау қызметінде арнайы бұлтартпау шараларын қолдану негіздері | 5 | 7 |
| | КМ Кәсіби модуль 2 | Сот риторикасы және медиация | 5 | 7 |

**Таңдау бойынша 1**

**Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, 5 кредит**

**Пререквизиттер:** Әкімшілік мәжбүрлеу, Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасының

